

**Тасымалдарды ұйымдастыру және (немесе) тасымалдаумен байланысты қызметтерді көрсету жөніндегі шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етудің тәртібі мен шараларын бекіту туралы**

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 20 қаңтардағы N 18-І бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 4 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2695

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы "Темір жол көлігі туралы" Заңның 14-бабы 2 тармағының 7) тармақшасына сәйкес, тараптардың шарттар ережелерін орындауы және олардың мүдделерін қорғау мақсатында бұйырамын:

1. Тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші, экспедитор (бұдан әрі - шарт тараптары) арасында жасасатын тасымалдарды ұйымдастыру және (немесе) тасымалдаумен байланысты қызметтерді көрсету жөніндегі шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етудің келесі тәртібі мен шаралары бекітілсін:

1) өзара міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің тараптар тандаған тәсілдері келісіп отырған тараптармен тасымалды ұйымдастыру және (немесе) тасымалдаумен байланысты қызметтерді көрсету жөніндегі шарттың мәтінінде ж а з б а ш а тү р д е б е к і т і л у і т и і с ;

2) кепіл, банктік кепілдік, Одақтың (Қауымдастықтың) кепіл жарнасы, шарт бойынша жауапкершілікті сақтандыру шарты, жүктерді алып қалу, айып төлету, кепілпұл және заңнамада немесе шарт тараптарымен көзделген өзге шаралар екі жақты келісім бойынша шарт тараптарының міндеттемелерді қамтамасыз ету шаралары болып т а б ы л а д ы .

**Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 222-І бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).**

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитетімен (М.Ж.Оразбеков) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуі қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-Министрі Н.Т. Байдаулетовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК